НАУРЫЗ

КЕЙДЕ ОСЫ МЕН ҚАЙ ҰЛТТЫҢ ӨКІЛІМІН ДЕП ОЙЛАНЫП ҚАЛАМЫН

– дейді «Таңшолпан» бағдарламасының жүргізушісі Майя ВЕРОНСКАЯ

Таңмен таласып жаңа туған күнмен қазақ елін оятып, көрермендеріне жарқын көңіл-күй сыйлайтын «Қазақстан» ұлттық телеарнасының «Таңшолпан» ақпаратты-сазды бағдарламасының жүргізушісі Майя Веронскаяны білмейтін адам кемде кем шығар. Бір риза боларың, үш сағаттық тікелей эфирде сан алуан тақырыпты қамтып, танымал тұлғалар, өнер адамдары, саясаткерлермен әңгіме өрбіткенде сөзінен жаңылмай, өзін еркін ұстап, әңгімелесіп отырған адамды жетелеп отырады. Басқа да бағдарлама, салтанатты жиын-кештерді жүргізгенде де көрерменнің ыстық ықыласына бөленіп жүрген Майя қызымыз туралы жақынырақ білуге бәріміз де ықыластымыз. Бүгін соның сәті түскендей.

– Майя, бізді таңқалдырған жәйт, сенің Алматы қаласында туып-өсіп, қазақ тілін мақсатты түрде үйреніп, оны осыншалықты дәрежеде меңгеруің. Олай дейтінім, біз білетін басқа ұлт өкілдерінің ішінде қазақ тілін жетік білетіндердің дені қазақ ауылында туып-өскендер...

– Иә, мен нағыз қаланың қызымын. Алматыда туып-өстім. Әкем Владимир Александрович осы қаланың байырғы тұрғыны, ал анам Галина Леонидовна Ресейдің Новосібір қаласынан. Негізі үйде төрт ағайындымыз. Мен кенжесімін. Әкем түріктанушы, аудармашы. Өмір бойы Металлургия және кен байыту институтында қызмет атқарып, оншақты тілден аударма жасаған. Жалпы, ол кісі одан көп тіл біледі. Кеңес Одағы тұсында ғылым саласында шет мемлекеттермен байланыс жақсы дамыған болуы керек, ең қажеттілері деп осыншама тілмен ғана айналысқан. Апайларымның мамандығы әр қалай, бір әпкем ағылшын тіліне жақындау, бір әпкем анамыз сияқты дәрігер, медицина саласында қызмет атқарады.

– Қазақ тіліне осыншалықты ден қойып үйренуіңе не түрткі болды?

–1991-93-жылдардың басында болашақ тағдырын Қазақстанмен байланыстырғысы келмеген басқа ұлт өкілдері бірден буынып-түйініп өз тарихи отандарына тартып отырды емес пе. Ал әкем Қазақстанды өз отбасының болашағынан бөліп қарағысы келмегені болар: «Біз осы елде қаламыз, ешқайда көшпейміз. Майя сен міндетті түрде мемлекеттік тілді білуің керек. Сондықтан қазақ мектебіне ауыстырсақ, қалай қарайсың?» – деді. Мен әкемнің айтқанын құптап, қарсы еместігімді білдірдім. Сөйтіп, бесінші сыныптың жаңа оқу жылын қаладағы №12 қазақ мектебінде бастадым.

– Қазақ мектебіне барғанға дейін қазақшаң қаншалықты еді?

– Қазақ тілінің деңгейі терезе, тақта, бор деген сияқты жекелеген сөздермен шектелетін. Ол кезде оқулық та тапшы. Әлбетте, отбасында тек орысша сөйлесеміз. Бір жақсысы, ата-анам мені қазақша мектепке барасың деп зорлаған жоқ, «тек барасың ба?» деп алдымен менімен есептесті. Келіскен соң ғана «онда біз саған көмектесеміз» деп уәде берді.

– Ал ол кісілердің қазақшасы қай деңгейде еді?

– Әкей түркітанушы ғалым болғандықтан, түркі тілдес бір-біріне жақын тілдерден хабары бар еді, бірақ қазақшаны акцентпен сөйлейтініне көбіне ұялатын. Ал қазақ мектебіне ауысқаннан кейін менімен үй тапсырмасын бірге орындап, тілді әжептәуір меңгерді деп айтуға болады.

– Орыс сыныбында жүргенде үлгерімің қандай еді?

– А-а, пәлендей жақсы оқыған жоқпын. Сабақ үлгерімім үштік-төрттік бағадан әрі аспайтын, өйткені, оқу аса қызықтырмайтын. Тіпті, жаман оқыдым десе де болады. Ал қазақ мектебіне ауысқанннан кейін менде бір қызығушылық басталды. Оқи келе, тіпті, үздік аттестатқа бітірдім емес пе. Ондағы ойым, осы жолды таңдаған екенмін, жарты жолда тастамай, ары қарай дамыту. Сол үшін де мектепті бітірген соң Абай атындағы ұлттық педагогикалық университеттің аударма және құжаттану факультетінің қазақ бөліміне оқуға түсіп, тәмамдадым.

– Майя айтшы, қазақшаны мүлдем қақпай, тек бесінші сыныптан бастап, бүгінгідей дәрежеге жетудегі жетістігіңнің құпиясын білуге бола ма?

– Біріншіден, әкем көп уақытын бөліп, екеуміз күнде сабаққа дайындалатынбыз. Бұл жерде әкемнің еңбегін бағалауым керек. Екіншіден, мектептегі мұғалімдердің маған деген көзқарасы, ықыласы, ара-қатынасы ерекше жылы болды. Барлық мұғалімдер жақсы көріп, қолдарынан келгенше көмектесуге тырысты. Сыныптастарымның да көп септігі тиді. Егер маған қажет болып, көмек сұрасам, міндетті түрде қолұшын беретін. Бірақ кішкентай болсам да намыстанып: «Орыстың қызы деп басқа оқушылардан бөліп қарамаңыздар. Маған жеңілдік жасаудың қажеті жоқ. Басқа балалармен бірдей көріңіздер» дейтінмін. Білмеймін, әйтеуір, менде бір ерекше құлшыныс пайда болып, оқуға қатты тырыстым.

Шынымды айтсам, қазақ тілін кереметтей білемін деп айтуға ұяламын. Бәрібір ол қанмен берілетін қасиет. Сондықтан ылғи да: «Міндетті түрде осы тілді білгеніммен тоқтамай, әрі қарай да тереңіне жетуім керек» деп өзіме талап қоятынмын. Тұрақты түрде көркем әдеби кітаптарды, газет-журналдарды, ғаламтордағы ақпараттарды оқимын. Үздіксіз үрдіс солай, ешқашан тоқтамайды. Мысалы, тікелей эфирге мәртебелі қонақ келерде, оған қалай болса солай дайындықсыз шыға алмайсың ғой. Көрермен соны талап етеді. Белгілі бір деңгейге жеттім деп ойламаймын. Өзімді өзім қамшылап, дамытып отырамын.

– Шынтуайтына келсек, Тіл туралы Заңның қабылданғанына 20 жыл болса да, қазақ тілі мемлекеттік тіл мәртебесіне сай дамымай отыр. Қаншама қаражат бөлінді, мемлекеттік құрылымдар құрылды. Бәрібір осы мәселе оң шешімін әлі де таба алмай отырған секілді...

– Ол үшін тіл маманы ретінде айтарым, ең алдымен, тілдік орта қажет. Егер маңайыңыздағы сізбен араласатындар тек қазақша сөйлесетін болса, ондай жағдайда кез келген адам тез үйренеді. Олай дейін десек, тілдік орта болмаған күннің өзінде де ағылшынша жап-жақсы үйреніп жүрміз ғой. Өйткені, бұл тіл ертең шетелге шыға қалсақ немесе жұмысқа тұра қалсақ қажет. Болмаса бір шет тілін білсек, жалақымыз өседі деп, алдымызға осы тілді үйренуге мақсат қоямыз. Ал қазақ тіліне ше? «Кейін үйренеміз ғой, әзірше қажеті жоқ, күте тұрайық, қажет болып жатса оқимыз» деген көзқарас қалыптасқан. Көптеген мемлекеттік мекемелер қазақ тілін үйрететін арнайы мұғалім жалдап, «үйде уақыттарыңыз болмаса» деп жұмыс кезінде бір сағат уақыт бөліп, оқытуда. Ал енді соған да барып мандытып оқып жатқанымыз шамалы. Демек, қазақ тілі әлі де болса аса қажет емес деген сөз. Егер мәселе төтесінен қойылатын болса, бәріміз сөйлеп кетер ме едік. Тіл үйренудің еш қиындығы жоқ. Тек мықтап талап қоюда болып тұр. Жалпы, бәрі де әр адамның өзіне байланысты. Болашағын Қазақстанмен байланыстырғысы келетіндер, бүгіннен емес, кешеден бастап оқуға кірісіп кетті. Ал «кетеміз, өйтеміз» дегендер, соншалықты мән бермейді. Менінше, тіл үйренуге бізде мүмкіндік өте көп. Тағы да қайталап айтамын, ол адамның өзіне ғана байланысты. Мәселен, тілді үйренгісі келетін адам жазғы демалыс кезінде, өз еркімен жайлауға шығып, орысша білмейтін отбасында екі-үш ай болып, көмектесіп қайтса, нәтиже жоғары болар еді.

– Қазақ тілін білгісі келмейтіндерге, ана тілін сыйламайтындарға не дейсің?

– Менінше, өздеріне обал, одан басқа не айта аламын. Тіл ұлттың мәдениетінің үлкен бір бөлігі. Тіл білмеген адам сол мемлекеттің тыныс-тіршілігінен, қоғамдық маңызы бар ақпараттар ағынынан, мәдениетінен қалып қояды. Сосын қазақ тілін білмеген адам не істейді? Ресейдің телеарналарын қарайды, шетелдік басылымдарды оқиды. Онда біздің жаңалықтарымыз жоктың қасы. Жазған күнде де өздерінің саяси көзқарасын білдіріп жатады. Сондықтан көкірегімізде патриоттық сезімді оятып, қалыптастыруда отандық басылымдарды оқып, отандық әртістерімізді тыңдап, өз бағдарламаларымызды көргеніміз абзал. Сонда ғана сезіміміз, патриоттық рухымыз қалыптасады. Әсіресе, ұлттық сезім, Отанға деген махаббат. Ал ондай сезімі жоқ адамдар елінің нағыз патриоты бола алмайды.

Шынымды айтсам, кейде өзімнің ұлтым орыс па, қазақ па деп түсінбей қаламын. Әрине, төлқұжатымда ұлтым орыс. Ата-анамның екеуі де орыс. Бірақ, жан-дүнием, ойым, қазақша қалыптасқан. Өйткені, қазақы ортада өстім. Қазақтың салт-дәстүрін, өнерін, мәдениетін эфирден таңғы сағат бестен кешке дейін қазақша насихаттаймын. Тек үйде, сосын қазақша білмейтін құрбыларыммен ғана орысша сөйлесемін. Қалған уақыттың бәрінде қазақша тілдесетіндіктен, кейде осы мен қай ұлттың өкілімін деп ойланып қаламын. Қазақстанда тұрғандықтан осы елдің азаматымын. Маған «қай жерде тұрсақ, сол елдің азаматымыз, патриотымыз» деп айтатындар бар. Міне, ел болашағын, тілдің дамуына өз үлесін қосатын нағыз патриоттар солар. Мен солардың қатарындамын.

– Қазақстан – көпэтносты мемлекет. Қазақтардан басқа 130-ға жуық ұлттың өкілі мекен етеді. Олардың тілге деген көзқарасы қалай деп ойлайсың?

– Журналист болған соң адамдармен жиі араласып, сөйлесіп, әрдайым қарым-қатынаста жүреміз ғой. Олардың барлығы Қазақстанды жақсы көреді. Қазақстан қасиетті жер. Сондықтан да шығар, олардың кеткілері келмейтіні. Ал тілге келсек, белгілі бір уақытқа дейін орыс тілінен қаша алмайтын сияқтымыз. Бірақ, жастарға қазірден бастап талап қою керек. Орыс мектептерінде қазақ тілін оқитын балалар осы мемлекетте тұрамыз, өз болашағымызды Қазақстанмен байланыстырамыз десе, онда қазақша сайрауы міндетті. Әрине, ересек адамдарға бұл мәселе қиындау тиер. Өйткені, жасы келген адамдарға тіл үйрену онай емес. Ал менің ар жақтағы даусысым өздері суын ішіп, топырағын басып жүрген елге, оның тіліне құрметпен қарап, уақыт өте келе сөйлеп кетеді деп ойлаймын.

– Орыс тілі үйренуге жеңіл, ал қазақ тілі күрделі болғандықтан, қиынға соғады деп жатады. Телеарналардың тілі қандай, көңіліңе тола ма?

– Жоқ, сіздің қазақ тілі күрделі дегеніңізбен келіспеймін. Үйренгісі келетін адамға қай тілдің де қиындығы жоқ. Телеарналардың тіліне келсек, біздегі бағдарламалардың стилі өзгеріп, қарапайымдылыққа көшіп бара жатқандаймыз, соны байқадым. Бұрын ондай емес еді. Қазақ тілінің заңдылығы бойынша етістік соңында тұрса, ал қазіргі өзгеріп жатқан стиль бойынша басқа сөз таптары алға шығып кетті. Тіл тірі организм деп айтып жатамыз, ол да өзгеріп, жаңарып отырады. Бұл да стильдің қалыптасып жатқан көрінісі шығар. Сол стильдің өзгергенін қазақ тілді журналистерден байқап жүрмін.

– Телеарнаға жолың қалай түсті?

– Университетте аударма және құжаттану мамандығына грант бөлінбеген соң, амалсыздан ақылы бөлімде оқыдым. Ата-анама рахмет, қаражатымды төлеп, оқытып шығарды. Оқуды бітірген соң ата-анама да құрмет көрсетіп, еңбектерін ақтайтын кез келгенін сезіп, жеке фирмаға қызметке тұрдым. Өйткені, ата-анам жасы келген адамдар. Әкей – 77-де, анам – 70-те. Бір жылдай хатшылық қызметте жүргенде, бес күн жұмыс істесем, сенбі-жексенбі күндері телеарналардағы бағдарламаларға көрермен ретінде қатысып жүрдім. Бірде телефон ұстап жүгіріп жүретін қыздардың бірі ауырып қалды. Тұрақты келіп жүрген үйреншікті көрермен ретінде, мені шақырып, солардың орнын жоқтатпауды өтінді. Сол жолы шығармашылық топпен әңгімелескенде қазақ тілін білетінімді айтып едім, «Жарайды, онда есімізде болсын» деп қойды. Кейіннен «Хабар» арнасында жаңа жоба ашылып, «Қазақстан» телехабарын жүргізуге шақырды. Бір жылдан кейін жоба жабылды. Одан кейін «Қазақстан» ұлттық телеарнасы қолқа салған соң, таңертеңгілік хабарды жүргізуге келісім бердім.

– Тікелей эфирді жүргізудің өзіндік қиындығы бар. Оны кез келген журналист алып кете алмайды. Кәсіби шеберлігіңді қалай шыңдайсың?

– Қазақта жақсы бір мақал бар. «Сөйлей-сөйлей шешен, көре-көре көсем боласың» деген. Әрине, бастапқыда телевизияға келгенде еш нәрсе білмедім. Экран алдында сұхбат алғанда өзіңді қалай ұстау, қалай сөйлеу керек дегендей. Әр адамның мінез-құлқы әртүрлі, сол күні көңілкүй болмай жатса, ол да сұхбаттасуға кедергі келтіреді. Осы жағынан келгенде, көптеген психологиялық кітаптарды оқидым. Ешқашан дайындықсыз эфирге шыққан емеспін. Ол көрменге деген құрмет. Әрбір хабардың, әр бағдарламаның өзіндік бағыты болады. Сол бағытты қалайда көрермендерге беруің, жеткізуің керек. Егер экранға бет-жүзімді көрсе деп шықсаң, әрине, одан еш пайда жоқ. Мәселен, күнделікті таңертеңгі бағдарламамызда халықты оятып, оларға жақсы көңіл-күй сыйлауға тырысамыз. Жұмысқа шығар алдында қажетті ақпараттарды береміз. Оның ішінде ауа райы, соңғы жаңалықтар, т.б. Міне, біздің бағытымыз осындай. Егер жүргізуші өз болашағын телевизиямен байланыстырғысы келсе, жан-жақты болуың, қай жерге салса да қателеспей өзіңді көрсетуің керек. Ал ол үшін көп еңбектену қажет.

– Маяжан, тележүргізуші ретінде қазақ тілін жақсы меңгергісі келетін жастарға не айтасың?

– Ең бастысы, мүмкіндігінше қазақша сөйлеуге тырысып, қазақша кітаптар оқуға ынта қою керек. Және де әр жұмыстың өзінің қиындығы, қызығы, құдіреті болады, соны ешқашан ерінбей істеуге талпынған жөн. Тағы бір ескеретіні, журналист болсын, әнші болсын әрбір адам белгілі бір мамандық иесі болсам деп армандау керек. Тек жұлдыз болу мақсат емес. Өйткені, ол әдіспен оның жолын ешқашан таппайсың. Егер өз кәсібіңнің шыңына жетсең, танымалдылық та, басқасы да өзі келеді. Ең бастысы, өз ісіңнің нағыз хас шебері бол. Соны жастарға тілеймін. Мен ешқашан бір орында тұрмайтын адаммын. Кинода өзімді сынап көрейін деп фильмге де түстім. Жан-жақты болғым келеді.

Әңгімелескен
Гүлзейнеп СӘДІРҚЫЗЫ,
«Егемен Қазақстан».

ШӘКІР АҚҰЫН МЕН ӘЗАҒАҢ

Халық ақыны Шәкір Әбеновті білмейтін алаш баласы аз шығар. 95 жас ғұмырының 40 жылға жуығын қуғын-сүргінмен өткізіп, темір тордың ар жағына бір емес екі рет түскен қасиетті қарттың қасында өткізген ширек ғасыр өмірімді өзіме бақыт санаймын. Сол уақыт ішінде Шәкең арқылы қолына домбыра мен қалам ұстаған адамдардың қай-қайсысын да танып, білдім. Соңдарына еріп соқпақ таптым.

Біздің шалдың, Шәкір ақсақалды айтамын да, Шыңғыстаудан Алматыға баруы бір үлкен той болатын. Шәкәрім бабамызға ұқсатып қоя берген сақал, мұрты селеудей селдір, боз жусандай бозғылт болғанмен, бір қараған адамның көзіне бірден оттай басылатын оның жүріс-тұрысы да өзгеше еді. Тіпті, орыс мәтұшкелерінің өзі басынан аяғына дейін аппақ болып киінген, тақиясына небір жақұт тастарды жарқыратып тағып алған, аса ұзын емес асатаяғы әшекей-үшекейлі шалды көргенде бабалары Толстой тіріліп келгендей таңырқай қалатын. Шал да тек тұрмай оларға: «Здрасти, девушка, деда не хочеш», дейтін сығырая күлімсіреп.

Қазіргі жағдайды білмеймін, ол кездегі Жазушылар одағы – жылы жаққа келіп, жыл құстары қонақтайтын шалқар теңіз сияқты болатын. Керемет! Кемел ой да, келелі сөз де, келісті қалжың да осында еді. Ал, мұнда бірер жылда бір-ақ рет келетін Шәкеңнің бой көрсетуі қалам қайраткерлері үшін зор қуаныш-тын! Әрине, бәрінің аңдып, баққаны қысыр сөз, қыршаңқы әңгіме. Шәкеңнің де бұл жерге дұрыс әңгіме айту үшін келмейтіні белгілі. Айналасына әпсәтте шоқтай болып шоғырлана қалған үлкенді-кішілі ақын-жазушыларды қырантопан күлкіге көміп жатқаны.

Ақсақал қаламгер інілерін алаламайтын. Ата қуып, жүзге бөлуді де жек көретін. Кейде маған: «Әй, көк ми, (сөзінің мәтелі) мен айдалып, байланып жүргенде барлық алаш баласынан қамқорлық көрдім. Аз қазақты алалап Алланың кәріне ұшырағым келмейді» – дейтін. Әкеміз осы тазалықты, пәктікті, жан мен тәннің жарасымды сұлулығын Әзаған, Әзілхан Нұршайықовтан көрді. Көрді де өзі өмірден өткенше оны ерекше құрмет тұтты. Зейнолла Қабдолов, Сафуан Шаймерденов, Сапар Байжанов сияқты інілерін де Әбу Сәрсенбаев, Хамит Ерғалиев, Сырбай Мәуленов секілді үзеңгілес ақын-бауырларын да мақтаныш ететін.

1986 жылдың мамыр айында тағы да Алматыға бара қалдық. Ақынның «Шыңғыстау» атты өлеңдер жинағын әзірлеп, «Жазушы» баспасына тапсырмақпыз. Қолымызда қолжазба ғана. «Қазақ әдебиеті» газетіндегі машинистка қыздарға 20 баспа табақ көлеміндегі кітапты бастырып, қайыра оқып жатырмыз. Мен оқимын, шал тыңдайды. Сөзден қате кетсе, байбалам салады. Сол кезде сексенді алқымдап қалған ақынның зердесі де, зейіні де дін аман. Құймақұлақ.

Қала шетіндегі «Жазушылар үйінде» жатқанбыз. Ың-шың жоқ. Оңаша. Нағыз қаламгерлердің қапысыз жұмыс істейтін жері. Бір күні екі кісілік шағын бөлмеміздің есігі ақырын тықылдады. Ашсам, ар жағында қыздай сызылып, мұздай киініп өзіміздің Әзаған тұр. Құшақтасып, амандасып жатырмыз.

– Ассалаумағалейкум!

Әзаған өзінің жіңішке сызылып шығатын қоңыр дауысын әндете созып, төсектің үстінде малдасын құрып алып, бүкшиіп отырған ақын ағасына сәлем берді. Шал «әліксалам» деген жоқ. Жылы жымиып, ете кайтқан тарамыс саусақтарын інісінің ыстық алақанына ұстата салды.

– Ойбу, Шәке аға! Мұныңыз не, бала болып кеттіңіз бе? Келгеніңізді кеше Жазушылар одағынан естіп, бұл кісі бірдемеге ренжіп қалған ба, үйге неге соқпай жүр? – деп әдейі келдім. Үйге жүріңіз, – деді Әзаған төтесіне бір-ақ көшіп.

Өз кінәсін үнсіз мойындаған шал қулана бастады.

– Мына Төлеген емес пе (мен ол кезде аудандық партия комитетіндегі идеология бөлімінің меңгерушісі болатынмын) «тез» де «тез» деп тепсініп жүрген. Әйтпесе, менің асығарым жоқ. Керек қылатын кемпірім де әлдеқашан өліп қалған, – деді сығырая күліп.

Қойшы, әйтеуір, сол күні бар жұмысты ысырып қойып Әзағаңның үйіне бардық. Аяулы жеңгеміз Халиманның «зыр жүгіріп» дайындаған дәмді асын құмарлана ішіп-жедік.

Шәкең мен Әзағаңның әңгімесі түннің бір уағына дейін созылды. Жазушының жұмыс бөлмесі жұмақтың төріндей болып көрінді. Төрт қабырға толы кітап. Кімдікі жоқ дейсің, Абайдан бастап қазіргі қазақ қаламгерлерімен аяқталатын том-том шығармалар көздің жауын алады. Жинақы. Ықшам. Кәдімгі кітапханадағыдай картотека жасалған. Онда тіпті қолжазба дәптерлер мен блокноттардың да рет сандары жазылып қойылған.

Әзаған бірдеме іздеп жатты. Сөйтсем, шал «Сабырбай мен Балбаланың айтысын» сұраған екен. «Әй, Шәке аға-ай, оны маған тапсырсаңыз табылады ғой. Сол менің қолыма тимеді ме, деп қорқамын», – дейді үй иесі әлсіз күбірлеп.

Жазушы ақыры картотекасындағы нөмірмен шалдың сонау 50-жылдары шамасында тапсырған қолжазбасын тауып алды. Бұл ақынның «ҚЖӨ» деп (қылмысты жылдар өлеңдері) таңбалап қойған топтама жырлары болып шықты. Ақын қатты қуанды. Өзін айдатқан да, байлатқан да, жалалы етіп жаптырған да осы өлеңдері екен. Өзінде сақталмапты. Сақталса да өртеп жіберген шығар. Кейіннен еліміз егемендік алған соң бұл шығармаларды ақын Несіпбек Айтов пен «Жұлдыз» журналының сол кездегі бас редакторы, жазушы Мұхтар Мағауин тұңғыш рет сол басылымда жариялатты.

Әзағаңның үйінде шал екеуміз тағы да бір-екі рет болдық. 1990 жылы Алматыға барғанымызда үйіне соға алмадық. «Өнер» баспасына ақсақалдың әндері мен күйлерін тапсырып қайтқанбыз. Бірақ Жазушылар одағында жолығып, жай-жапсарымызды айттық. Сол жылы Әзаған «Қазақ әдебиеті» газетінде Шәкір ағасы жөнінде көлемді мақала жазып, оның ішінде мен туралы да жылы лебіз білдіріпті.

«Ақынның аялаған елі азбайды. Аудандық партия комитетінің басшылығында жүріп, тоқсаннан асқан ақын атасын Алматыға арқалап, бір емес бірнеше рет келіп, оның кітабын шығартуға қолғабыс жасап жүрген ақын інім Төлеген Жанғалиевқа дән ризамын. Халық ақыны Шәкір Әбеновті құрметтеу – Қазақ елін құрметтеумен бірдей», депті жарықтық Әзаған! Ол осы ойынан өзі өле-өлгенше айнымаған жоқ. 2011 жылы өмірден өтерінен төрт-бес ай бұрын ғана Өскемен мен Семейге келіп, абыз ағасының туған жері Құндыздыға соқты. Еліміздің тұңғыш Президентіне алғаш рет бата беріп, есімі аңызға айналған ақын зиратына тәу етіп, мұражайын аралады. Шалдан қалған жалғыз тұяқ Сана Шәкіркызын қасына алып суретке түсті.

Мәңгілік махабатты жырлап, мәңгілік сүйіспеншілікті ардақ тұтқан асыл аға Абай, Шәкәрім, Мұхтар, Көкбай, Шәкір бабалар туған қасиетті Шыңғыстаудың торқалы топырағын сол жолы соңғы рет басып тұрғанын сезген шығар, кім білсін.

Аға мен інінің арасындағы шексіз адалдықты, имандай тазалықты саф күйінде сақтап кеткен осындай асылдары бар алаш жұртына Алланың нұры жаусын!

Төлеген ЖАНҒАЛИЕВ,
Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, халықаралық Жамбыл сыйлығының лауреаты, Абай ауданының құрметті азаматы.

Шығыс Қазақстан облысы,
Абай ауданы,
Қарауыл ауылы.

Суретте: Әзілхан Нұршайықов пен Шәкір Әбенов жерлестері арасында (ортада Сана Шәкіркызы).